Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті

«Хазірет» ЖК желілер арқылы суды беру қызметтерінің тарифі мен тарифтік сметасы жобасын қарау жөніндегі жария тыңдаудың
ХАТТАМАСЫ

Орал қ. **15 қыркүйек 2026 ж.**

Басталуы: 10.00
Аяқталуы: 10.30

Төраға:
Департамент
басшысының м.а. Жаманкулов С.А.

Қатысқандар:

1.	ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің БҚО бойынша департаменті	2 адам.
2.	«Хазірет» ЖК	2 адам.
3.	Тұтынушылар және басқа да мүдделі тұлғалар онлайн режимде (соның ішінде):	5 адам
	Барлығы:	9 адам

КҮН ТӘРТІБІ

1. ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің БҚО бойынша департаменті басшысының м.а. С.А.Жаманкуловтың кіріспе сөзі.
2. «Хазірет» ЖК желілер арқылы су беру қызметтерінің тарифі мен тарифтік сметасын бекіту жобасы бойынша баяндамашы – «Хазірет» ЖК басшысы Мамаева Сандигул Амангалиевна.
3. Пікір алмасу, тұтынушылардың сұрақтарына жауаптар.
4. ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің БҚО бойынша департаменті басшысының м.а. С.А.Жаманкуловтың қорытынды сөзі.

Желілер арқылы суды жеткізу қызметтерінің тарифі мен тарифтік сметасын бекіту жобасы бойынша «Хазірет» ЖК басшысы Мамаева Сандигул Амангалиевна баяндама жасады.

Желілер арқылы суды жеткізу қызметтерінің тарифі мен тарифтік сметасын бекіту жобасын талқылау барысында келесі сұрақ қойылды.

Тұтынушы: Су жүйесіне 2012 жылдан бері күрделі немесе ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген жоқ. Ауылда сумен қамтамасыз жүйесінде жиі ақаулар орын алып тұрады, кейде насос істен шығып қалады. Осыған байланысты ұсынылып отырған тарифті қымбат деп есептеймін. Алайда жүйеге жұмсалатын шығындарды ескере отырып, тұрғындарға қолайлы әрі шығындарды өтеуге мүмкіндік беретін тиімді тарифті белгілеуіңізді сұраймын.

Жаманкулов С.А. Ұсынысыңызға рақмет! Бұл әзірге тарифтің жобасы ғана. Сіздің ұсынысыңыз тарифті бекіту барысында міндетті түрде ескеріледі.

Жария тыңдаудың соңында С.А.Жаманкулов тарифтік және тарифтік сметаны бекіту туралы өтінішті қарау бойынша шешім қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен 2026 жылғы 25 тамызда қабылданады. Бұл ретте тұтынушыларды субъект заңнамада белгіленген мерзімде хабардар етеді.

* Тікелей эфир **Facebook** әлеуметтік желісі арқылы көрсетілді.

Төраға: **Жаманкулов С.А.**

Хатшы: **Исламғалиев Р.А.**